

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің
№32 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

«Қолөнер» үйірмесінің 2025-2026 оқу жылдық есебі

Жетекшісі : Абдимоминова Д.К.

Қатысқан оқушылар саны: 21

Жалпы мәліметтер: 2025–2026 оқу жылында «Қолөнер» үйірмесі білім беру және тәрбие бағытында жүйелі түрде жұмыс атқарды. Үйірменің негізгі мақсаты – оқушылардың ұлттық қол өнерге деген мәдениетін қалыптастыру, тігу, құрастыру, кестелеу, әсемдеу композициялау, өрнектеу, басу бойынша еңбектік дағдыларын дамыту, ұлттық қолөнерге бағытталған құндылықтарға негізделген бағыт пен бағдар бере отырып, белсенді жан-жақты жеке тұлға қалыптастыру.

Орындалған жұмыстар: І-ші жарты жылдық барысында оқушылардың қолмен жасалатын ұлттық нақыштағы бұйымдарға яғни ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тақырыптар көбірек қарастырылды.

2025 жылдың 10–21 қараша аралығында «Қолөнер» үйірмесінің оқушылары республикалық деңгейдегі онлайн сайыстарға белсенді қатысты.

«IQmix» республикалық зияткерлік онлайн-марафонының қорытындысы: Аталған байқау оқушылардың логикалық ойлауын, қолөнер мен суреттік мәдениеті бойынша зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталған онлайн форматта өткізілді. Үйірме қатысып жүрген оқушылардың ішінен Аяулым жоғары белсенділік танытып, жүлделі орынға ие болды.

Кесте 1. «Қолөнер» үйірмесі бойынша оқушылар жетістіктерінің нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Нәтижесі	Байқау деңгейі
I жарты жылдық				
1	Есен Аулым Ернарқызы	5-сынып	II дәрежелі диплом	Республикалық «IQmix» зияткерлік
2	Бораншина Малика, Ермағамбетова Айару	6-сынып	II орын	Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңі
3	Байдильдина Амира Ербосынқызы	6 сынып	I-ші дәрежелі диплом	Республикалық «Зияткер» байқауы
II жарты жылдық				
4	Сәрсенғали Інжу, Сәрсенғали Маржан	7 сынып	I-ші дәрежелі диплом	Т.Даулетпаев атындағы өңірлік ғылыми-практикалық конкурс
5	Әбілбек Аяжан Нұрбекқызы	5-сынып	II-ші дәрежелі диплом	«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының қалалық кезеңі.
6	Сәрсенғали Маржан	7 сынып	III-ші дәрежелі диплом	
ҚОРЫТЫНДЫ				
	Үйірме бойынша ұлттық қолөнерге бағытталған құндылықтарға негізделген жұмыстың нәтижелері ғылыми мақала төңірегінде «Учительская плюс» облыстық газетіне, «Дамыту» ғылыми-педагогикалық журнал және «Білім Инфо» республикалық журналында жарық көрді.			

Оқушылар арасында шығармашылық және көрмелік жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар шағын сувенирлер дайындап, шағын ұлттық құндылықтарға дәріптейтін жобалар ұсынды. Атап айтқанда 6-шы сынып оқушылары Бораншина Малика, Ермағамбетова Айару ұсынған киіз үй туралы ғылыми бағыттағы зерттеу жобасы мен жасаған киіз үй макеті қазылар алқасының басты назарына түсті

Екінші жарты жылдық бойынша оқушылар құрақ құрау өнері, құрақ құрау өнерінің қазақ қолөнеріндегі алар орны жайлы жан-жақты талдап шағын жастықшаларды тігін машинасында тігіп орындады. Аппликациялық шағын бұйымдар жасады. Қосымша білім беру ұйымдары апталығының аясында үйірмеге қатысатын оқушылар көрмесі ұйымдастырылып «Ұлттық оюлар сыры» тақырыбында танымдық-зияткерлік ойын ұйымдастырылды.

Қазақ халқының сәндік – қолданбалы өнері саласы бойынша фетр матасынан тұмарша, сәндік өңір такқыштар және түрлі бұйымдар жасау оның ішінде сөмкелер тігіп оны түрлі моншық, ою-өрнектермен әсемдеді. Фетрмен және жүнмен өрнек салу арқылы жасаған Инжу мен Маржанның жұмыстары жоғары бағаға лайық деп саналып әділқазылар мақтауына ілініп өңірлік сайста бірінші орын иеленді. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының қалалық кезеңіне Әбілбек Аяжан мен Сәрсенғали Маржан үйірме уақытында жасаған заттары бойынша байқауға қатысып жүлделі 2 және 3 орын иеленді.

Сонымен қатар «Қолөнер» үйірмесінің жұмысы 2026 жылдың 1–12 маусым аралығында мектеп жанындағы жазғы «Балдәурен» сауықтыру лагерінің I маусымы аясында өз жұмысын жалғастырды.

Алдағы уақытта үйірме жұмысы аясында қолөнерге қатысты жобаларға, қалалық, аудандық және республикалық деңгейдегі байқаулар мен ғылыми-зерттеу жобаларына белсенді түрде қатысу жоспарлануда.

Қорытынды: 2025-26 оқу жылында үйірме жұмысы бойынша сағаттар саны толығымен жоспарға сай орындалды. Оқушылардың қол өнерге деген қызығушылығы мен белсенділігі артпаса төмендеген жоқ. Оқушылардың үздік жұмыстары апталық кезінде мектепшілік көрме ұйымдастырылып таныстырылды. Жыл қорытындысы бойынша қалалық, облыстық кезеңде нәтиже көрсетіп ең үздік деген оқушылар мектеп директоры атынан мақтау қағаздарына ие болды.

Алға қойған жоспарлар:

- Қабілетті оқушылармен ғылыми тұрғыда жеке жобалық жұмыстар жүргізуді жалғастыру;
- Қалалық, аудандық қолөнер байқауларына қатысу;
- Қолөнер үйірмесіне қатысатын оқушылар бойынша жобалар санын арттыру.

Фотогалерея «Қолөнер» үйірмесі



